

# ФИЛОСОФИЯНЫҢ ТАҢДАУЛЫ 25 КІТАБЫ

Платон б.д.д. 427–347 жылдары

1-тарау. Антикалық философия.  
Орта ғасыр философиясы



Кітап: Философияның таңдаулы 25 кітабы  
Тарау: 1. Антикалық философия. Орта ғасыр философиясы  
Дәріс: 1. Платон б.д.д. 427–347 жылдар

## Симпозиум

Б.д.д. 385 жыл

### Философияның манифесті

Егер философия тарихы «Симпозиумнан» басталады десек, ақиқаттан алыс кетпейміз. Бұл – өзінше бір манифест. «Рухани әлемде философиядан басқа сүйіспеншілікке лайық не бар?»

Платонның ең танымал «Федонымен» қатар тұрған шығармаларының бірі – «Симпозиумның» арқау еткен ең басты ойы осындай. Ең алдымен, ұлы философтың мұрасындағы осы бір көңілді сұхбаттың мән-маңызы жөнінде бірер сөз.

Платонның өз пікірлерін Сократтың аузына салатын идеялар теориясын және соған сәйкес, логиканы түсіндіретін «Мемлекет» сынды жасанды, қасаң және дидактикалық сарындағы мәтіндерге қарағанда, «Симпозиумды» философиядан дәріс оқуға лайықталмаған қолайсыз орында өтіп жатқан «сабақ» деуімізге әбден болады. Көңілді жас қауым жиналып, ішіп-жеп, аста-төк дастарқан басында «махаббат дегеніміз не?» деген ұлы сауалды талқылауға кірісіп кетеді. Осы философиялық айтыс, бүкпесіз пікірталас көлденең тосын килігулерге, мысалы, сыбызғышы қыздардың келуіне қарамастан қызу жалғаса береді. Шешендер кезектесіп сөз алып, өз пікірлерін ашық ортаға салады. Пікірталасқа Сократ та араласып, әлдебір балгер әйел екеуінің арасында болған өзекті әңгімені айтып береді.

«Сезімдерге ерік беру, сөз ойнату, бір-біріне орынсыз килігу – сұхбаттың күрделі сипатын білдіреді», – Франсуа Шатле.

Тарихтан білетініміздей, Сократтың қазасы баяндалған «Федоннан» айырмашылығы, бұл диалогтың өзегінде қайғылы ештеңе жоқ. Себебі оның тақырыбы – махаббат мәселесі. Ол адамның көңілін көтеріп, құштарлықпен қызықтыра өзіне тартады. Сондықтан оған деген көзқарас та соған лайық, қайғы-мұңсыз. Демек, «Симпозиум» шығармасы философиялық пайымдарды адамды мезі қылатын бірыңғай ғибратты сарында ғана баяндаудың міндетті еместігін көрсетуімен де қызықты. Осы тұста Платон шығармаларының әрқилы баяндау жанрларында жазылғанын ескертуіміз орынды болар: 387 жылы Академияның негізі қаланғанға дейінгі оның алғашқы диалогтары – шын мәнінде, сұхбат түрінде болды. Саясат пен мәдениет мәселелері қозғалған бұл сұхбаттарда байырғы, тіпті жаңа көзқарас тұрғысынан пайымдалса да, қандай да болсын жалқы пікірдің кез келген сұраққа үзілді-кесілді жауап бола алмайтыны анық көрсетіледі. Алуан түрлі пікірлер үнемі бір-біріне қайшы келіп, итжығыс түсіп жатады... Былайша айтқанда, Платонның «Сократтық» диалогын – әрқилы пікірлердің бір-бірін терістеуінің үздіксіз процесі деуге болады. Одан шығатын түйінді сөз мынау: «Мен бәрін білем дейтін адам, шын мәнінде, ештеңе де білмейді...».

Бұған керісінше, ойшылдың ақыл-парасатының кемеліне келген кезеңіндегі диалогтары өзінің өмір тәжірибесінен алынған деректерге сүйенсе де, бір-бірімен жымдаса өріліп, біртұтас әмбебап пайымдар арнасына тоғысады. Сондықтан «Мемлекетте» Сократ сөз тізгінін бірден өз қолына алып, іс жүзінде қарсыластарын ығыстырып тастайды. Оның сөзі – ақылшы ұстаздың данагәй лебізі. Дәлелді, ділмәр баяндаудың осы екінші формасы – «платондық» диалогтарға тән сипат. Осы екі айқын формаға тоғысқан платондық мәнердің ортасында, Шатле атап көрсеткендей, «аралық» стиль де бар. Бұл аралық форма өзара тартысты және көркем поэтикалық болмысымен ерекшеленеді. «Симпозиум» да нақ осы стильде жазылған. Бұл диалог – шын мәніндегі дәріс, дегенмен ақылшы-ұстаздың ұлағатты бейнесіне ол әлі де олқы соғатындай. Мұнда дедуктивті пайым жоқ. Пікір таластырушылар махаббатты өмірлік тәжірибе, ақындық, дәрігерлік, шешендік көзқарас тұрғысынан тілге тиек етеді. Әңгімеге Сократ араласқанда сұхбаттың сипаты өзгереді. Енді сұхбат ұстаздың бірден-бір ақиқат пайымын баяндауға ұласады. Ақыр аяғында, «Симпозиумға» Алкивиад келіп, махаббаттың сократтық теориясы мен тәжірибесінің мәнін баяндауы – әңгіменің әсерлі түйінін күшейте түседі.



Кітап: Философияның таңдаулы 25 кітабы  
Тарау: 1. Антикалық философия. Орта ғасыр философиясы  
Дәріс: 1. Платон б.д.д. 427–347 жылдар

## Түйін

### Диалог құру

Диалогтың құрылымы күрделі. Шын мәнінде, біздің алдымызда тұрған шығарма – сұхбат түріндегі диалог емес, ертеде болған пікірталас туралы әңгіме. Диалогтың мұндай үш сатылы композициясы оқырманның сұхбатқа іштей араласып кетуіне мүмкіндік бермейді. Платон өз туындысының талас тудырмайтын, беделі биік, салиқалы еңбек болғанын қалаған. Сонымен, Аристодемнің махаббаттың табиғаты туралы өрбіген бірнеше жыл бұрынғы пікірталасты баяндаған әңгімесін Аполлодор достарына айтып береді. Ақын Агафон өзінің тырнақалды трагедиясыныңшығармашылықбәйгесіндеозашауып,жеңістіңгүлдестесіменмарапатталғанын атап өту үшін достарын жинаған дүбірлі думан үстінде осы пікірталас туады. Агафон достық дастарқанына олармен бірге тағы бір ақынды, шешенді, ойшылды, дәрігерді және Сократты қосып шақырады. Кейінірек оларға Алкивиад келіп қосылады. Әңгімеге Сократтың өзі де араласып, кезінде абыз әйел Диотима екеуінің арасындағы болған пікірталасты еске түсіреді.

### Махаббат туралы бесеудің лебізі

Шарт бойынша, қонақтардың әрқайсысы махаббатқа мадақ айтуы тиіс. Бірінші болып Федр сөйлейді, Эростың ең көне құдай, асқан ұлы игіліктердің қайнар көзі екеніне мадақ айтады.

Шешен Павсаний махаббаттың әрі асқақ, асыл, әрі қарабайыр, дәрекі екіұдай болмысын салыстыра баяндайды. Кейбір қалалар ер адамдардың арасындағы махаббатқа заңмен тыйым салатынын, ал енді біреулері, мысалы, Афинада, оның танымдық құндылығын көлденең тартып, ымырамен қарайтын қайшылықты көзқарастарды түсіндіруге тырысады. Дәл осы сәтте Аристофанға ықылық тиіп, ол сөз кезегін Эриксимахқа беруге мәжбүр болады. Дәрігер Эриксимах махаббаттан үйлесімділікті ұстап тұруға қажетті жалпыға ортақ тылсым тартылысты көреді. Музыка өнерінде бір-бірімен жарасым тауып, құдіретті әуенге айналатын жоғары және төмен ноталардың үндестігі секілді махаббаттың да мейірім мен зұлымдықтың арасынан бұр жарып шығатынын айтады. Эриксимахпен аздап қалжыңдасқан Аристофан өзіне тән тым артық сенімділікпен Эростың құдіреттілігі жайындағы ежелгі әпсананы әңгімелейді. Оның айтуынша, қазіргі адамдар – төрт қолы, төрт аяғы, екі беті және екі жынысы бар алғашқы тіршілік иелерінің екі бөлікке бөлінген жартылары ғана. Құдайларды құрмет тұтпағаны үшін адамзаттың тұтас бітімі Зевстің бұйрығымен екіге бөлінген екен. Махаббат – адамдардың бастапқы тұтастығын қалпына келтірудің бірден-бір жолы. Ол – сол тіршілік иесінің екіге жарылған бөліктерін қайтадан қоса алатын қуатты құдірет, екі жартыны бір бүтінге айналдыра алатын тартылыс күші. Содан кейін сөз Агафонға тиеді. Оның өз сөйлеу мәнері бар: алдымен ол Эростың табиғатын ашуға тырысады, содан соң, оның ізгіліктері жөнінде баяндайды. Оның айтуынша, Эрос – құдайлардың ішіндегі ең жас, ең сұлу әрі сезімталы. Поэзияның да, ғылымның да – бәрінің бастауы Эраста.

### Философтың көзқарасы

Сөз алған Сократ сұхбатқа өзіне дейін сөйлеген шешендердің сөздерінде айтылмаған ақиқат түсінігін әкеледі. Диалектика кез келген махаббаттың адам айырылып қалған немесе жоғалтуы мүмкін нысанға жататынын анықтауға мүмкіндік береді.

Сондықтан махаббаттың, әсемдікке ұмтылудың символы – Эрос, ол асып кеткен сұлу да емес. Бірақ ұсқынсыз деп тағы айта алмаймыз: ол осындай екіұдай құбылыс – надан да, оқымысты да емес, ажалды да, ажалсыз да емес. Өйткені ол – рух, пері. Пеня – Кедейлік пен Порос – Байлықтың ұлы – Эростың болмысы тұрақсыз, құбылмалы. Ол – софист. Өйткені жалғыз емес дүниенің жалғыздығына сенуге мәжбүрлейді. Сонымен бірге ол – философ.



Кітап: Философияның таңдаулы 25 кітабы  
Тарау: 1. Антикалық философия. Орта ғасыр философиясы  
Дәріс: 1. Платон б.д.д. 427–347 жылдар

Себебі көпті ешқашан місе тұтпай, оны тұтастыққа ұластырады. Алайда ұғымның ауқымын дәл анықтап алғанымыз жөн: әлдекімді ұнататындардың бәрі бірдей ғашық емес. Осыған қатысты соңғы елесті де сейілтуіміз керек: шын мәнінде, сұлулық емес, тән мен жанның өнімі – жаратылыс пен ажалсыздық махаббаттың әрі объектісі, әрі шарты, әрі нәтижесі болады. Содан кейін Диотима Логостың көмегімен өзінің махаббат арқылы теңдессіз сұлу тәнге, жан тазалығы мен қарекет тартымдылығына көтерілу кезеңдері туралы айтып береді. Түптеп келгенде, философ білімнің мінсіздігін, ғылымның тұтастығын тану туралы ойға келеді. Дәл сол кезде оның алдынан «әсемдік» туралы ғылымның биік шыңы көрінеді. Дегенмен өзінің биік мұратынан ажырамаған кіршіксіз сезім ғана махаббат деген атқа лайық. Нағыз ақиқат ізгілікті тудыратын да – сол махаббат.

### Алкивиадтың килігуі

Кенеттен дулы кешке қасында бір топ дастарқандас досы бар Алкивиад келеді. Масайған түріне қарамастан, сұхбаттасушылар оны әңгімеге тартып, Сократқа мадақ айтуға шақырады. Ғашықтық дерті қинаған Алкивиад Сократқа деген ынтызар көңілін білдіреді. Жас Алкивиадтың тәні сұлу болса, жасамыс Сократтың жаны сұлу. Өзара үйлесімді махаббатқа екеуі де лайықты болар еді. Бірақ Сократ жеке қарым-қатынасқа байланысты тақырыпты басқа арнаға түсіріп жібереді. Алкивиад Сократты өзінше сипаттайды. Оның айтқандары Сократтың Эросқа берген мінездемесімен бірдей болып шығады: Сократ – ұрыста шыңдалған, төзімді, айлакер, бірбеткей, батыл және сұңғыла адам. Сатир мүсінінің ішінде жасырынған құдай бейнесі тәрізді Сократ сөздерінде таңдаулы адамдарға ғана түсінікті тұңғыық ғажайып бар.

### Қорытынды

Масайраған топ төңіректі азан-қазан қылып бастарына көтерсе де, ақыры салиқалы философиялық толғамға тоқтайды. Философия әулекі күлкіні сабасына түсіріп, уайым-қайғының өзін жеңілдетеді. Алғашқы бесеудің сөзі – махаббатқа қатысты әртүрлі әбес пікірлердің тізбегі; Платонның пікірінше, ақиқат – махаббаттың тұтас болмысында: жыныстық құмарлықтан бастап, философияға дейінгі махаббатты түсіндіруге талпынған әрқилы пікірлер тұтаса келіп, бірін-бірі толықтырады.

### Философиялық талқылаудың формасы

Диалог – философиялық шығармаларға тән классикалық құрылымға ие: алдымен, дәл осы жағдайға қатысты пікірталастағы әртүрлі көзқарастар формасында берілген санқилы теориялар, пікірлер, тұжырымдар баяндалады; содан соң, екінші бөлігінде ақиқатты анықтау мақсатында олар сыни тұрғыдан зерделенеді. Басқаша айтқанда, пайымдаудың бұл түрі ақындар мен шешендердің айтыстарынан мүлде басқа сипат танытады. Өйткені алдыңғыларды мазмұннан гөрі форма көбірек қызықтырады. Басқа диалогтармен салыстырғанда «Симпозиумда» Платонның философиялық тұжырымдаманы, басқаша айтқанда, ақиқат саналатын және өзге пікірлерден айрықшаланып тұратын ойлар мен сараптамалық қорытындылар жиынтығын қалыптастыруға деген ұмтылысы анық аңғарылады. Біртұтас және жүйелі әңгіме – жан жадырататын өнер туындысы. Дегенмен ақиқаттың ауылына апарар жол тек жүйелі әңгімеде ғана десек қателесеміз. Федр, Павсаний, Эриксимах, Аристофандар бірінен соң бірі сөз алып, өздеріне дейінгі шешендер қозғамаған тақырыптарды қозғайды. Ал Сократ сөйлегенде сұхбаттасушылардың онымен тек үнсіз келіскеннен басқа амалдары қалмайды.



Кітап: Философияның таңдаулы 25 кітабы  
Тарау: 1. Антикалық философия. Орта ғасыр философиясы  
Дәріс: 1. Платон б.д.д. 427–347 жылдар

## Сұхбаттасушылар

Платонның той-думанға шақырған қонақтары, шындығында, нақты тарихи тұлғалар. Олардың ұстанымдарын философ әртүрлі көзқарастарды көрсету үшін пайдаланады. Бұл тұста әр кейіпкердің – символдық фигура екенін атап айтуымызға болады. Олардың әрқайсысы сөз саптасы жағынан да, пайым-парасат тұрғысынан да қарастырып отырған мәселеге қатысты өздеріне тән төлтума көзқарастарын айқын көрсетеді. Шығарманы бұлайша жазу тәсілі – Платонға тән мәнер. Оның басқа диалогтарында да саясаткерлер, ақындар, сәуегейлер мен түрлі кәсіп иелері бір-біріне ұқсамайтын сөйлеу мәнерімен өз ойларын ортаға салады. Олардың бұл сөздерінде сол дәуірге, заманға лайық идеялар бедерленген.

## Философиялық пайымның жеке пікірлерден биік тұратыны жөнінде

Платонның мақсаты – жекелеген пікірлерден философиялық пайымның артықшылығын көрсету. Философ «барлық тіршілікті» оймен қамтуға болатынын әбден мүмкін іс санайды. Сократ сөздерінің қуатын арттыра түсу үшін автор диалогқа қатысушы философтардан басқа тұлғалардың бәрін еш ойланбастан әжуаға айналдырады. Мысалы, комедиясының идеологиялық арқауындағы Сократты өлім жазасына кесуге себепші болған Аристофанды алайық; Платон оны ықылық атуға мәжбүрлеп қояды.

Философ Аристофанды ашық, тәлкек қылады. Мұнда Аристофанның символдық тұрғыдан емес, нақты тұлға ретінде сынға алынғанын аңғарамыз.

Федрға келетін болсақ, Франсуа Шатле атап өткендей, бұл кейіпкер әдетінде нақты мәселелермен айналысады. Ол бәрінен хабардар, білімді, жиналғандардан едәуір интеллектуалды артықшылығы бар және оны өзі мақтан тұтады. Федр пікірталастың шекарасын нақты анықтап алуға тырысады, ал Павсаний болса, оларды үнемі кеңейткісі келіп тұрады. Ол – шешен. Бұл оның дәлелдерді анық тұжырымдай алатынын көрсетеді. Бірақ Павсанийдің сөйлеген сөзі үстірттеу және мағынасы сұйық болып келеді. Ол сөздің ішкі мәніне емес, сыртқы сылдыраған түріне көңіл бөлуге дағдыланған. Махаббат туралы пікірталаста Павсаний тыңдаушыларды өзіне ұйыта біледі, кез келген басқа тақырыптағы айтыста да басым бола алады. Ол аса күрделі теориялық тығырықтан тамаша шешендікпен суырылып шығуға да шебер. Өз көзқарасын нықтай түсетін қажетті дәлелдерді, қарсы уәждерді немесе дәйектемелерді табуда қиналмайды... Эриксимах – дәрігер. Пікірталаста әр кез кәсіпқой маманның пікірін ұстанады. Аристофанға ықылық тигеннен кейін Платон сөзді Эриксимахқа береді.

Эриксимах сөзін «ауру адамды» алмастыруға келісетінінен бастайды және Аристофанға кенеттен киліккен пәледен құтылу үшін түшкіруді ұсынады. Дәрігер өз сөзінде махаббаттың дағдылы мәселелерін қозғайды. Платонның өз саласындағы біліктілігін мойындайды, дегенмен өзінің кәсіби білімін жете игере алмай тұрып, осындай диалогтағы махаббат тақырыбына, «Мемлекеттегі» саясат немесе әділеттілікке қатысты алуан түрлі пікірталасқа именбей кірісіп кететін Эриксимахты және осындай кәсіп иелерін оңдырмай әжуалайды. Әңгімеге ықылық атқаны қойысымен, Аристофан да қосылады. Ол өзі есінде қалған бір әпсананы тұшымды әңгімелейді. «Симпозиумның» оқырмандарын оның әсерлі сөзі шынымен еліктіріп әкетеді. Алғашқы адамдардың денесін екіге қақ бөліп, жердің түкпір-түкпірінен бірін-бірі іздеп жүруі үшін тарыдай шашып жіберуді жөн деп шешкен Зевстің қаһары туралы әпсана комедиографтың поэтикалық сөздеріне ерекше жарқын сипат береді. Платон Аристофанды сөзге шешен және өзіне сенімді жан кейпінде бейнелейді. Оқиға одан әрі өрбіген сайын, сіз өзіңізге: «Платон Аристофанның адам махаббаты туралы көзқарастарымен келісе ме?», – деген сауалды еріксіз қоя бастайсыз. Сөз соңында, Сократ әңгімені философиялық мәселелерге қарай бұрады. Сөз кезегі Агафонға тиеді. Оның сөздері іш пыстырарлық және сын көтермейтіндей тым болбыр. Өйткені Аристофан – комедиограф, ал Агафон – трагедиялардың авторы ретінде танымал. Платон Аристофанға қамқорлық танытады және оның сөзіне өте тартымды метафоралық мазмұн береді, бірақ Агафонға рақымсыз. Мұнысымен Платон трагедияның философияға жатбауыр жанр екенін көрсеткісі келеді. Шындығында, трагедия адамның қайғылы тағдыры



Кітап: Философияның таңдаулы 25 кітабы  
Тарау: 1. Антикалық философия. Орта ғасыр философиясы  
Дәріс: 1. Платон б.д.д. 427–347 жылдар

туралы сыр шертеді ғой. Ал Платонның оған құлақ асқысы да келмейді. Өйткені, оның ойынша, адамның тағдыры туралы пайымдау – тек философтың еншісіндегі шаруа.

## Философиялық ақиқатты қалай жеткізуге болады?

Сократ сөз алғанда, диалогтың сипаты өзгереді. Автор бізге оған дейін кенеуі жоқ сөздерімен жалықтыратын, қасаң ұғымды, аңқау, масқарампаз адамдарды көрсетті. Сократтың келуімен диалог байсалды және терең арнаға түседі. Бастапқыда философтың сөйлегісі келмейді. Бірнеше рет өзгелер оның өз ойын айтуын өтінеді. Агафонның пікіріне қарсы дәлелдер келтіруге мәжбүр болғаннан кейін ғана, Сократ өз ұстанымын білдіруге келіседі. Сократтың бұл әрекетінен басқаша астар іздеудің қажеті жоқ. Өйткені оның Агафонмен сөз жарысына түсуге ешқандай құлқы жоқ еді. Сократ сөзін өз ойын қалай, қандай формада жеткізу тұрғысында ойланбағанын түсіндіруден бастайды. Философ тыңдаушыларды әсіре қызыл сөзбен баурап, әдемі мәнермен иландыруға тырыспайды. Сократтың бар мақсаты – ақиқатты қарапайым тілмен жеткізу. Ол тек ақиқатты жеткізуге құштар, ал сөздің сұлулығына мән бермеуін өз қабілетінің «олқылығы», шешендік ұстанымының кемдігі деп біледі. Дегенмен өз пікірін білдірудегі мұндай шынайы ұстанымның астарында сұхбаттасушыларды сөзінің ақиқат терең мағынасына бойлатуға жетелейтін бұла күш жатқаны айдан анық.

Сонымен қатар бұл тәсіл бірден қарсы пікірдің өре тұра келуіне жол бермейді. Өйткені Сократ өз ойын тікелей кесіп-пішіп айтып тастамайды, байыпты көзқарасын Мантинейдан шыққан абыз әйел Диотимамен екеуінің арасындағы сұхбатты әңгімелеп беру арқылы астарлы ишарамен жеткізеді. Бұлжымайтын ақиқатқа мәжбүрлеп сендіргеннен гөрі, оны ойлы тәсілмен топшылап жеткізгенді дұрыс көреді. Ол үшін махаббат дегеніміз – Сұлулық пен Игілікке деген ынтызарлық, мәңгілік өмірге құштарлық. Сократ үшін махаббат сезімі – түсіндірілуі тиіс эмоциялы шындық. Байлық пен Кедейліктің баласы – Махаббат, негізінде, тұжырымдамалық тұрғыдан да, өзінің мәні жағынан да «даналыққа, философияға деген құштарлық». Бірақ Сократ айтқан философиялық пайымдардың тереңдігін, шын мәнінде, тек Алкивиад келіп, ол ойларды тарата түсіндіргеннен кейін ғана байыптауға болады.

## Тән махаббаты және философия

Иә, Алкивиад – сұлу, сымбатты және аяулы жан. Бірақ одан бойын аулақ ұстаған Сократ тән қалауынан бас тартады. Тән қалауы философ үшін бәрінен жоғары тұрған қастерлі құштарлыққа, яғни философияға деген ұмтылысқа, ештеңе теңесе алмайтын ләззатқа, яғни білім ләззатына кедергі болмауы тиіс.

Ақыр аяғында мұны Алкивиад та түсінеді, сөйтіп, өзінің бұл қылықтарына Сократтың қалай тойтарыс бергенін түсіндіруге әрекеттенеді. Алкивиад өзінің осы ақиқатқа жету жолының қаншалықты ауыр және қиыншылыққа толы болғанын әңгімелейді: тән махаббаты – Эростың кез келген тәндік қалаудан жоғары қоятын асқақ сұлулыққа деген терең ұмтылысының көрінісі ғана. Өзінің ғашықтық сезімінен гөрі Алкивиад «дұрыс философияға» бейілдігін танытады. Ол нәпсі қалауынан бас тартады және осындай қадам жасай алғаны үшін өзіне дән риза. Осылайша, Платон бізге кемел философияның мәні – махаббат құмарлығынан бас тарту деп көрсетеді. Осы ретте Фрейдтік терминологияны пайдалана отырып айтатын болсақ, философия тек тақуалыққа құрылуы мүмкін деген ой туындайды.

Философиямен айналысу үшін, ең алдымен, тән құмарлығын, яғни либидоны құрсаулау керек.

## Платон

Платонның ойынша, философияға бастар жол Фрейд тұжырымдағандай – нәпсіні тыюда да, сублимацияда да емес, тән құмарлығынан жоғары тұруда деп біледі. Басқа кез келген



Кітап: Философияның таңдаулы 25 кітабы  
Тарау: 1. Антикалық философия. Орта ғасыр философиясы  
Дәріс: 1. Платон б.д.д. 427–347 жылдар

философиялық шығармаға қарағанда «Симпозиумда» құмарлық қуаты мен логикалық тұрғыда өз ойын білдіруге деген мұқтаждық арасындағы күрес анық көрінеді. Логос құмарлыққа қарсы тұрады. Логика Пафоспен күреседі.

## Платон философиясындағы «Симпозиумның» орны

Біздің үлесімізге осы шығарманың Платонның өмірі мен шығармашылығындағы, сонымен қатар тұтастай алғанда философия тарихындағы алатын орнын анықтау ғана қалды.

Платон б.д.д. 427–347 жылдар аралығында өмір сүрген, яғни 80 жас жасаған. Ол өзінен кейінгі адамдар ойының бүкіл тарихын анықтайтын үлкен мұра қалдырды және өз дәуірінің кез келген сауалдарына жауап беретін философиялық жүйе қалыптастырғысы келді. Сол дәуірдің ойшылдары Аристотель мен Плотин, тіпті одан кейінгі замандарда өмір сүрген Декарт, Кант пен Гегельдер Платон шығармаларын оқығаннан кейін «философ» атанды. Бастапқыда Платон өмірін өнерге арнағысы келді. Бірақ жасөспірім шағындағы Сократпен кездесуінен соң оның пікірі өзгеріп, көкірегінде ойшыл болудың үміт оты тұтанды. Ұстазы Сократ 399 жылы қаза болғанға дейін қасында шәкірт болып, тағлым алды. Ұстазынан айырылғанда философтың жасы 28-ге енді келген еді. Ұлы ұстазының өлімі Платонды терең қайғыға батырды. Ол Сократтың педагогикалық ілімі мен принциптерін берік ұстанған адал ізбасары бола білді. Сондықтан қазір де біз үшін Платон еңбектері оның ұстазының ілімі туралы мәліметтердің негізгі дереккөзі болып қала береді.

## Сократтың ақиқатты іздеуі

Сократ бейнесін Платонның барлық диалогтарынан кездестіреміз. Біздің «Симпозиумнан» көргеніміздей, философ надандықты мысқылмен әшкерелеп, майевтиканың көмегімен нағыз ақиқатты табуды ұсынады. Сұхбаттасушыларға берген Сократтың ең басты тәлімі – ақылды болуға жәрдем беру, яғни оларға шынайы білімге өрлеудің жолын көрсету және соқыр сенімнен бас тартуға шақыру. Біз Сократтың сол дәуірдің негізгі білім беру жүйесі болып есептелген, кез келген тұжырымды жақтап шығуда сенімді, сенімсіз дәлелдерді айта білуді үйрететін софистиканы сынға алғаны үшін өлім жазасына кесілгенін білеміз.

Сократтың бұл жүйенің берік негізі жоқ екенін дәлелдеп бергенін олар кешіре алмады. Дегенмен біз «Симпозиумнан» Сократтың сын айтқанда ашуға бой алдырмай, байсалды болғанын көреміз. Ол өзінің қарсыластарымен жақсы қарым-қатынаста болғаны сонша, тіпті олардың өз-өзінен қысылуына тура келеді. Өкінішке қарай, оның «кіршіксіз тазалығын» қарсыластары теріс ниетпен қабылдайды. Өйткені Сократ әйгілеген ақиқат олардың жанды жеріне тиген болатын. Платон саясатпен шындап айналысады. Ол философтар басқаратын мінсіз мемлекет туралы армандаған және «Мемлекет», «Заңдар» атты шығармаларында жазған «армандарымен» шектеліп қалмайды. Философ үш рет саяхатқа шығып, Сиракузалық Дионисий және Кіші Дионисий сияқты тирандарды аталған жобаны іс жүзінде жүзеге асыруға сендіруге тырысады. Бірақ оның бұл аңғал әрекеті нәтижесіз аяқталды.

## Жоғары ақиқатты түсіну

«Симпозиумнан» байқағанымыздай, теориялық тұрғыдан Платон өз ойын диалектика мен мифке сүйене отырып құрады. Диалектика оның пайдеия тұжырымдамасының тәжірибе жүзіндегі іске асуының тәсілін білдіреді. Оның диалектикасы – осы идеалға жетудің құралы. Өйткені ол мәңгілікпен жігерленген және соған қарай ұмтылған ой-сезімдік дүниелерден мәңгілік ақиқатқа көтерілу тұрғысынан бағамдалады. Диалог – түпкі мақсат емес. Бұл – ақиқатқа жақындаудың тәсілі. Ол – қозғалыс, жұмыс құралы. Оның мақсаты – ақиқатқа жақын келу үшін өзін-өзі жетілдіру. Диалектика сезімдер шындығынан идеялар әлеміне



Кітап: Философияның таңдаулы 25 кітабы  
Тарау: 1. Антикалық философия. Орта ғасыр философиясы  
Дәріс: 1. Платон б.д.д. 427–347 жылдар

көтерілуге мүмкіндік беруі тиіс. Ал бұл жоғары әлем жердегі шындықтың құрылуының мәңгілік үлгісі ретінде көрінеді. Осы идеяны Платонның «Мемлекет» шығармасында келтірген үңгір туралы әпсанасымен түсіндіруге болады. Әпсанада адамдардың тіршілігі күнді көру бақытынан айырылған, үңгірге қамалған өмірге теңеледі. Олар жер бетінде шын өмір барын білмейді. Сол себепті саңылаулардан түскен күн сәулелері арқылы үңгірдің қабырғаларында қыбырлаған көлеңкелерді өздерінің шын өмірі деп түсінетіндері баяндалады. Жұрттың ақиқатқа көзін жеткізу керек. Ал ол үшін үңгірдің қабырғаларына көлеңкелерді не нәрсе және қалай түсіріп тұрғанын анықтап, тынымсыз қарекет ету қажет. Ақиқатты табу тұрғысындағы осы қарекет философиялық шығарманың негізгі мәнін құрайды. Құбылыстардың шынайы мәні оның өз шеңберінен тысқары жатқаны «Симпозиумдағы» Диотиманың әңгімесінде де көрініс тапқан. Шын мәнінде, философ – үңгірден шығып, жарқырап тұрған күннің яғни Игіліктің бар екенін ашқан адам. Алайда оның міндеті – адамдарға оралып, олардың көлеңкелер әлемінде тіршілік етіп жатқанын түсіндіріп, көмектесу.

### Платон философиясының өзге де қырлары

Платон сонымен бірге таным теориясын, ғылымды және эстетика теориясын дамытуға ұмтылды. Ол осы ғылымдардың бәрі қаланың, яғни мемлекеттің игілігі үшін дамуы тиіс деп есептеді. Қала мүддесі ол үшін әрқашан басты назарда тұрды. Ғылымды терең игерген философ секілді өнерді терең түсінетін данышпандар мен білгірлер ғана оның жаңа формаларының өміршеңдігін анықтай алады. Дегенмен софистикамен қатар өнерге де Платон аса сене бермейді. «Өнерде жасалған образдар алдамшы. Олардан сақ болғанымыз жөн» дейді. «Симпозиумда» Сократ Агафонның пікірлерін талқылағанда да сенімсіздік танытып тұрғаны анық сезіледі. Агафон дүниені сыртқы эстетика арқылы көреді. Ал Сократ болса, мұндай түсініктің ақиқаттылығының алдамшы екенін дәлелдеуге ұмтылады. Дәстүрге адал болып, жаңашылдыққа сенімсіздік танытқанына қарамастан, Платон бізге әртүрлі пікірлерді көруге және естуге мүмкіндік береді. Оның жарқын мысалы – «Симпозиумдағы» Аристофанның оқиғасы. Сократ комедиографты қанша әжуалағанымен, оның шығарған мифі сондай әсем және диалогтың бұл бөлігін біз әлі күнге зор сүйіспеншілікпен оқимыз. Платонның «Симпозиум» және басқа да шығармаларын диалог түрінде беруді ұнатуының мәні – түрлі көзқарастар қақтығысы арқылы ақиқатты анықтау мүмкіндігінде. Кейінірек философтар өз трактаттарын жүйелі түрде құрып, қарама-қайшылықтарды тікелей пайымдаудың мазмұнына кіргізіп, оларға біржақты бағыт беруді дұрыс көреді.